



# ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta\_eltilegi@mail.ru

№23 (983) Сәрсенбі 17 маусым 2026 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>

## ТЕМІРЖОЛ САЛАСЫ МЕН ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ДАМУ МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛДЫ



ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында теміржол саласы мен инфрақұрылымын дамыту мәселесі қаралды. Оған облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев селекторлық режим арқылы қатысты. Үкімет отырысынан кейінгі мәжілісте мәселелер жан-жақты талқыланды.

Аймақ басшысы теміржол вокзалдарын коммуналдық меншікке қабылдауды заңнама талаптарына сәйкес уақытылы аяқтауды тапсырды.

– Теміржол вокзалдарының сыртқы келбеті ғана емес, жолаушыларға қызмет көрсетуі де жаңа сапаға көшуі тиіс. Қала, аудан әкімдіктерімен бірлесіп, вокзалдар аумағының абаттандырылуын, қоғалдандырылуын, санитарлық тазалығын күнделікті қамтамасыз етіңіздер, – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Облыс аумағынан 1051 шақырым теміржол

желісі өтеді. Оның 83,4 шақырымын күрделі жөндеу басталды. Бүгінгі күнге дейін 50,4 шақырымы жөндеуден өткен, қалған 33 шақырымы жыл соңына дейін бітеді. Сексеуіл станциясында 18,7 шақырым теміржол салынып, 77 жиынтық бағыттамалы бұрма орнатылуда.

Қызылорда облысынан 15 жұп, облыс орталығынан Астана, Петропавл, Павлодар, Көкшетау, Семей, Түркістан қалаларына 6 жұп жолаушы пойызы қатынайды. Осыдан екі жыл бұрын Қызылорда қаласындағы теміржол вокзалы күрделі жөнделіп, іргелес аумағы абаттандырылды. Бүгінде өңірдегі 7, атап айтқанда Жаңақорған, Шиелі, Жосалы, Төреғам, Қазалы, Арал теңізі, Сексеуіл вокзалдарында, Терөзек пен Жалағаштағы қызмет көрсету пункттерінде, Жаңақорған ауданы Талап бекетіндегі жолаушылар платформасында күрделі жөндеу және қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Қазалы, Шиелі, Жаңақорған вокзалдары мен Талап

бекетінде құрылыс-монтаждау жұмыстары аяқталды.

Сондай-ақ мәжілісте жауапты басшыларға бір апта ішінде өндірістің жаңа бағыттарын дамыту және іске қосуға қатысты нақты ұсыныстар әзірлеу міндеттелді. Негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің оң динамикасы сақталуы тиіс. Конго-Қырым геморрагиялық қызбасына қарсы күзгі залалсыздандыру жұмыстарын сапалы әрі бекітілген кестеге сәйкес жүргізу мәселесі де талқыланды.

Облыс әкімі кенеге қарсы өңдеу шараларын ветеринариялық талаптарға сай ұйымдастырып, орындалуын қатаң бақылауды тапсырды. Аурудың алдын алудың және алғашқы белгілері байқалған бойда медициналық көмекке жүгінудің маңызы туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүйелі жүргізілуі қажет.

«Ел тілегі» ақпарат

## ҚАЗАҚСТАН ПОЙЫЗДАРЫНА ИНТЕРНЕТ ОРНАТЫЛАДЫ

Қазақстандағы пойыздарда интернет қашан толыққанды іске қосылатыны белгілі болды. Бұл туралы Үкіметте өткен брифингте «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы басқарма төрағасының орынбасары Әнуар Ахметжанов мәлімдеді. Айтуынша, бұл мәселенің жолаушылар үшін маңызды екенін жақсы түсінетінін жеткізді.

Бұл өте өзекті мәселе. Қазіргі заманда интернетсіз өмірді елестету қиын. Егер ҚТЖ жаңалықтарын бақылап жүрсеніздер, өткен жылы біз төмен орбиталы спутниктік жүйелерді пайдалана отырып екі ірі пилоттық жобаны жүзеге асырдық. OneWeb және Starlink жүйелерін қолдандық.

Әрине, алдымен олардың қажетті деңгейде қызмет көрсете алатынын техникалық тұрғыдан тексеруіміз керек болды. Бұл қызметтер Астана – Маңғыстау және Астана – Шымкент бағыттарындағы пойыздарда сынақтан өтті. Нәтижесінде пойыздарда интернет қызметін ұсынуға болатыны дәлелденді. Қазір біз жолаушылар пойыздарын интернетпен қамтамасыз ету бойынша ауқымды жұмысты бастап жатырмыз. Мен ұлттық тасымалдаушының жолаушылар пойыздары туралы

айтып отырмын, – деді Әнуар Ахметжанов.

Оның айтуынша, бүгінде «Нұрлы жол» – Семей бағыты толықтай интернетпен қамтамасыз етілген.

Қазір Алматы – Павлодар (31 және 32-пойыздар), Павлодар – Түркістан (45 және 46-пойыздар), «Нұрлы жол» – Атырау (47 және 48-пойыздар) бағыттарында және тағы бірнеше пойызда терминалдарды орнату жұмыстары жүріп жатыр. Біз ең алдымен жолаушысы көп бағыттарды таңдап отырмыз. Осылайша көпшілік интернеттің мүмкіндігін пайдаланып, оның сапасын бағалай алады. Жоспарымыз бойынша жаздың соңына дейін негізгі бағыттардың барлығын спутниктік интернетпен қамтамасыз етіп отырмыз, – деп атап өтті компания басшысының орынбасары.



## «ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТИ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2026 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

6 айға – 4502 теңге 22 тиын

БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы аласыздар:  
8 705 982 76 61,  
8 777 752 54 63.



## ТӨЛ ӨНЕРІ ТӨРГЕ ОЗҒАН

Облыстық кітапханада Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор, жырау Алмас Алмағовтың туғанына 70 жыл толуына орай «Төл өнері төрге озған» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрменің мақсаты – жастарға қазақ халқының жыршылық дәстүрін жалғастырушы, жыраудың өмірі мен шығармашылық жолын кеңінен таныстыру.

Көрмеге бүгінгі елге танымал тұлғаның өнерге келу, өсу жолдары мен әр кезеңдердегі жеткен жетістіктері, өнер бәйгесіндегі алған белестері көркем тілмен өрнектеліп, оқырманды биік мақсаттарға жетелейтін әдебиеттері және мерзімді басылым беттеріндегі жарияланған мақалалар қойылды.

## СУДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ КҮШЕЙТІЛДІ

Жазғы шомылу маусымының басталуына байланысты Қызылорда облысында су айдындарындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету және жазатайым оқиғалардың алдын алу бағытындағы жұмыстар күшейтілді.

Қызылорда облысы Полиция департаменті азаматтарды судағы қауіпсіздік қағидаларын қатаң сақтауға шақырады. Себебі суда орын алатын қайғылы

оқиғалардың алдын алудың ең тиімді жолы – белгіленген ережелерді сақтау. Адам өмірінен қымбат ештеңе жоқ, сондықтан әрбір азамат суға түсу кезінде жеке қауіпсіздік талаптарына жауапкершілікпен қарауы тиіс.

Суға шомылу маусымы кезеңінде облыстағы білім бөліміне қарасты барлық білім беру ұйымдарында арнайы қызметкерлерден құралған

кезекшілік топтары бекітілген кестеге сәйкес күнделікті профилактикалық жұмыстар жүргізуде. Бұл шаралар балалар мен жасөспірімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және төтенше жағдайлардың алдын алуға бағытталған.

Аталған жұмыстар жазғы суға шомылу маусымы аяқталғанға дейін тұрақты түрде жалғасады. Суда шомылу кезінде қауіпсіздік

қағидаларын мұқият сақтау – қайғылы жағдайлардың алдын алудың және өз өміріңіз бен жақындарыңыздың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің басты кепілі.

Қызылорда облысының Полиция департаменті тұрғындарды тек рұқсат етілген орындарда шомылуға, балаларды қараусыз қалдырмауға және судағы қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтауға шақырады.

## АҚТАУ - ҚЫЗЫЛОРДА - АҚТАУ БАҒЫТЫ АШЫЛДЫ

Қызылорда облысының көлік-логистикалық әлеуетін арттыру мақсатында Сыр өңірінен Маңғыстауға жаңа әуе бағыты ашылды.

Қорқыт ата атындағы халықаралық Қызылорда әуежайынан хабарлағандай, SCAT әуе компаниясы 20 маусымнан бастап Ақтау – Қызылорда – Ақтау бағыты бойынша тұрақты әуе рейсін іске қосады.

- Рейсті Boeing әуе кемесі орындайды. Ұшақ аптасына екі рет – сәрсенбі және сенбі күндері қатынайды. Кестеге сәйкес ұшақ Қызылорда әуежайына сағат 16:00-де қонып, 17:00-де Ақтауға қайтадан аттанады, - делінген хабарламада.

Әуе байланысы екі облыстың арасындағы жолды қысқартуға, туристік және іскерлік қарым-қатынасты жандандыруға бағытталған. 12 маусымнан бастап Астана - Қызылорда - Астана және Астана - Шымкент - Астана бағыттары бойынша әуе рейстері белгіленген кестеге сәйкес жұмысын қайта бастайды.



## ХАТТАМА ТОЛТЫРЫЛДЫ

Қызылорда қаласы Полиция басқармасының патрульдік полиция батальоны қызметкерлері күшейтілген режимде қызмет атқаруда.

Полиция мәліметінше, жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жол-көлік оқиғаларының алдын алу мақсатында жүргізілген рейдтік іс-шаралар барысында бір апта ішінде мас күйінде көлік басқарған 10 жүргізуші анықталған. Құқық бұзушыларға қатысты Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 608-бабына сәйкес тиісті әкімшілік шаралар қолданылды.

Тәртіп сақшылары алкогольдік ішімдік ішкеннен кейін көлік жүргізу жүргізушінің ғана емес, өзге де жол қозғалысына қатысушылардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретінін еске салды.

«Жол қозғалысы ережелерін қатаң сақтауға, жауапкершілік танытуға және мас күйінде көлік басқармауға шақырамыз. Жолдағы қауіпсіздік – әрқайсымыздың ортақ міндетіміз», – деп мәлімдеді ведомство өкілдері.

Сондай-ақ Қызылорда қаласында жүргізуші куәлігінсіз әрі алкогольдік масаң күйде көлік басқарған 32 жастағы азамат ұсталды. Патрульдік полиция қызметкерлері жол қозғалысы ережесін бұзған «Mercedes-Benz» автокөлігін тоқтатқан.



Тексеру барысында жүргізуші жолаушылар орнына ауысып, көлікті өзі басқармағанын айтып жауапкершіліктен жалтаруға тырысқан. Алайда оның алкогольдік ішімдік ішкені анықталды. Наркологиялық сараптама қорытындысына сәйкес, жүргізуші орта

дәрежедегі масаң күйде болған.

Аталған дерек бойынша құқық бұзушыға қатысты Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 608-бабының 6-бөлігімен әкімшілік хаттама толтырылып, автокөлік айып тұрағына қойылды.

## СОТТА ІС БЕЙТАРАП ҚАРАЛУЫ ТИІС

Сотта әрбір іс заңға сай, әділ және бейтарап қаралуы тиіс. Көп жағдайда сот істері талап қоюшы немесе жауапкер тұратын жердегі сотқа қаралады. Алайда кейбір жағдайларда істі сол аумақтағы сот емес, басқа өңірдегі соттың қарауы қажет болады. Бұл құқықтық тетік аумақтан тыс соттылық деп аталады.

Аумақтан тыс соттылық – істің белгілі бір аудан немесе қала сотында емес, өзге аумақта орналасқан сотқа қаралуы. Мұндай шешім заңда нақты көзделген жағдайларда ғана қабылданады және сот әділдігін қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл институт ең алдымен соттың бейтараптығын сақтау үшін қолданылады. Кейде істі қарайтын сотта судьяларға қарсылық білдірілуі мүмкін



немесе тараптардың біріне қысым жасалу қаупі туындайды. Осындай жағдайда істі басқа өңірдегі сотқа беру – ең дұрыс әрі заңды шешім болып табылады.

Сонымен қатар, аумақтан

тыс соттылық сот құрамын жасауға мүмкін болмаған кезде де қолданылады. Әсіресе шағын аудандарда судья саны аз болғандықтан, істі қарау үшін өзге соттың көмегіне жүгіну

қажеттілігі туындайды.

Қоғамдық резонанс тудырған істерде де аумақтан тыс соттылықтың маңызы зор. Істің басқа өңірде қаралуы сот процесінің ашықтығын арттырып, сот шешіміне деген сенімді күшейтеді. Бұл өз кезегінде заң үстемдігін қамтамасыз етуге ықпал етеді. Істі басқа сотқа беру туралы шешім заңда белгіленген тәртіппен, нақты негіздер болған жағдайда ғана қабылданады. Қарапайым азаматтар үшін аумақтан тыс соттылықтың басты пайдасы – әділ сотқа қол жеткізу.

Істің бейтарап сотқа қаралуы әрбір адамның өз құқығын еркін қорғауына мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, аумақтан тыс соттылық – сот жүйесінің тиімді жұмыс істеуіне ықпал ететін маңызды құқықтық құрал. Оның дұрыс қолданылуы азаматтардың сотқа деген сенімін арттырып, әділ қоғам қалыптастыруға қызмет етеді.

## СОТТЫ СЫЙЛАУ – ЗАҢДЫ СЫЙЛАУ

Қазақстан құқықтық мемлекет ретінде дамып келе жатқан заманда сот билігінің ролі ерекше мәнге ие. Сот – заң үстемдігін қамтамасыз ететін, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғайтын, әділеттіліктің кепілі болып табылатын маңызды институт. Қоғамдағы тәртіп пен тұрақтылықты сақтау, кез келген дауды заң шеңберінде шешу – сот жүйесінің басты міндеттерінің бірі. Сондықтан сотқа деген құрмет – бұл жай ғана этикет немесе қызметтік міндет емес, бұл заңға, мемлекетке және демократиялық құндылықтарға деген терең құрметтің айқын көрінісі.

Сот билігі – мемлекеттік биліктің дербес тармағы. Ол заң шығару және атқарушы биліктен тәуелсіз әрекет етеді. Бұл тәуелсіздік әділетті шешім қабылдаудың алғышарты. Егер сот сыртқы ықпалдан арлып, заң мен әр-ождан аясында шешім қабылдаса ғана қоғамда әділет салтанат құрады. Соттың шығарған шешімі ұнамаса да, ол заңды және орындалуға міндетті. Сотты сыйламау – бұл заңды мойындамау, ал заңды мойындамау деген сөз.

Қазіргі қоғамда сот шешімдеріне сенім арттыру – маңызды мәселелердің бірі. Бұл тек сот жүйесінің кәсібилігімен емес, сонымен қатар қоғам мүшелерінің құқықтық мәдениетімен де тікелей байланысты. Құқықтық мәдениет жоғары адам ешқашан заңды белден басып, соттың шешімін менсінбей қарамайды. Ол дау туған жағдайда біреуге жүгінбей, сотқа барады, себебі сот – әділеттің көзі екенін түсінеді. Осындай саналы көзқарас құқықтық тәртіптің, азаматтық қоғамның негізін қалайды.

Сотты сыйламау әрекеттері кейде көрініс тауып жатады. Соның ішінде сот

қызметкерлерінің кәсіби абыройына нұқсан келтіру сияқты әрекеттер орын алуы мүмкін. Мұндай теріс әрекеттер тек құқық бұзушылық ретінде емес, сонымен қатар қоғамдағы заңға деген құрметтің әлсіреуіне де әкеледі.

Мұндай жағдайлардың алдын алу үшін қоғамда құқықтық тәрбие мен құқықтық сауаттылықты арттыру маңызды. Сот жүйесінің тәуелсіздігіне деген құрмет – нағыз құқықтық мемлекеттің белгісі. Әрбір азамат сотқа қысым жасалмайтынына, соттың ешбір тарапты жақтамай, тек заң мен әділетке сүйенетініне сенуі тиіс. Бұл сенім болмаса, қоғамда тұрақтылық болмайды. Ал тұрақтылықсыз даму мүмкін емес.

Сотты сыйлау – бұл азаматтық сана мен жауапкершіліктің белгісі. Бұл – тек сот залында ғана емес, жалпы қоғамдық өмірде де көрініс табуы тиіс қасиет. Әрбір адам сотқа жүгінгенде әділ шешімге ие болатынына сенсе, қоғамда дау-дамай азайып, заңмен реттелген тәртіп орнайды. Бұл – еліміздің болашағына салынған берік іргетас болмақ.

Соттың қадірін білу – әділеттің салтанат құруына жол ашу. Сотты сыйлау арқылы біз заңды, мемлекетті, өзіміздің және өзгенің құқығын құрметтейміз. Бұл – әрбірімізге жүктелген азаматтық борыш, қоғам алдындағы жауапкершілік.



## РЕЙДТІК ІС-ШАРАЛАР ЖАЛҒАСУДА

Жазғы демалыс кезеңінде кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қараусыз және бақылаусыз жүрудің алдын алу мақсатында Қызылорда облысының полиция қызметкерлері тұрақты түрде рейдтік-профилактикалық іс-шаралар өткізуде.

Рейд барысында ойын-сауық орындары, саябақтар, скверлер және басқа да қоғамдық орындар тексеріліп, түнгі уақытта заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз жүрген жасөспірімдер анықталды.

Сонғы үш тәулік ішінде Қызылорда облысы Полиция департаментінің ювеналды полиция қызметкерлерімен Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 442-бабы бойынша кәмелетке толмағандардың заңды өкілдеріне қатысты 109 әкімшілік хаттама рәсімделді. Сонымен қатар, ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдердің балаларды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерін тиісінше орындамауына байланысты Кодекстің 127-бабы бойынша 12 әкімшілік хаттама толтырылды.

Сондай-ақ рейдтік іс-шаралар барысында кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің түнгі сағат 22:00-ден кейін ойын-сауық мекемелерінде болуына жол берген 3 ойын-сауық орны анықталды. Аталған мекемелердің иелеріне қатысты қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес тиісті шаралар қабылданды.

Полиция департаменті ата-аналар мен заңды өкілдерді балалардың қауіпсіздігіне ерекше назар аударуға, олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға және заң талаптарын қатаң сақтауға шақырады.



**ЗАҢ МЕН ТӘРТІП**  
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

## ҚОҒАМ ТЫНЫШТЫҒЫ БАСТЫ МІНДЕТ

2026 жылғы 15–19 маусым аралығында Қызылорда қаласының аумағында «Қызметтік қару» жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізілуде. Іс-шараның мақсаты – қызметтік қару мен оқ-дәрілердің сақталуы, тасымалдануы, пайдаланылуы және есепке алынуы бойынша заңнама талаптарының сақталуын бақылау, құқық бұзушылықтардың алдын алу, сондай-ақ қоғамдық қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету. Осыған байланысты Қызылорда қаласы Полиция басқармасы азаматтарды қолданыстағы заң талаптарын қатаң сақтауға шақырады.

**ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ ПОЛИЦИЯ БАСҚАРМАСЫ**

**«ҚЫЗМЕТТІК ҚАРУ»**  
ЖЕДЕЛ-ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ІС-ШАРАСЫ

**15-19 МАУСЫМ 2026 ЖЫЛ**

Қала аумағында қызметтік қару мен оқ-дәрілердің сақталу, тасымалдануы және заңнама талаптарының сақталуын бақылау мақсатында жедел-профилактикалық іс-шара өткізілуде.

ЗАҢ ТАЛАПТАРЫН САҚТАУ – ҚАУІПСІЗДІКТІ КЕПІЛ!

КЕЗ КЕЛГЕН ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ НЕМЕСЕ ҚЫЛМЫС БОЙЫНША ХАБАРЛАСҢЫЗ **102** АРНАСЫНА ХАБАРЛАСЫҢЫЗ

ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ ПОЛИЦИЯ БАСҚАРМАСЫ

## СЕМИНАР ӨТКІЗІЛДІ

Қызылорда қалалық сотының ұйымдастыруымен семинар өткізілді. Семинарға Қызылорда қалалық сотының судьясы А.Тубекбаева, сот әкімшісінің басшысы Н.Дүйсенова, өңірлік заң консультанттары палатасының заңгерлері, екінші деңгейлі банк өкілдері қатысты. Семинар барысында сот органдарына электрондік форматта жолданатын құжаттарды рәсімдеу тәртібі, «Сот кабинеті» жүйесі арқылы құжаттарды жолдау ерекшеліктері, процессуалдық құжаттарды дайындауда қателіктер және оларды болдырмау жолдары, сонымен қатар мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту туралы талқыланды. Сонымен қатар, қатысушылар құқық қолдану тәжірибесіндегі маңызды мәселелер бойынша өзара пікір алмасты.



## ЗАҢСЫЗ САТУ ДЕРЕКТЕРІ ТЕКСЕРІЛДІ

«Ішімдіксіз ауыл» жедел-профилактикалық іс-шарасы аясында Қызылорда қаласы Полиция басқармасының учаскелік полиция инспекторлары мен отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес бөлімшесінің қызметкерлері бірлесіп профилактикалық жұмыстар жүргізуде.

Іс-шара барысында алкогольдік ішімдіктерді заңсыз сату фактілерін анықтау, тұрмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу, профилактикалық есепте тұрған азаматтарды тексеру және тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу мақсатында рейдтік шаралар ұйымдастырылуда.

Полицейлер құқық бұзушылықтардың алдын алу және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстарды тұрақты түрде жалғастыруда.

## 96 ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚ АНЫҚТАЛДЫ

2026 жылғы 8-12 маусым аралығында өткізілген «Заңсыз келуші-2026» жедел-профилактикалық іс-шарасы барысында қала аумағында көші-қон заңнамасының сақталуын бақылау, заң бұзушылықтарды анықтау, құқық бұзушыларды әкімшілік жауапкершілікке тарту және іздеуде жүрген тұлғаларды анықтау мақсатында рейдтік жұмыстар жүргізілді.

Іс-шара аясында шетел азаматтарының уақытша тіркелген мекенжайлары, салынып жатқан құрылыс нысандары, базарлар мен қоғамдық тамақтану орындары тексерілді.

Нәтижесінде барлығы 96 әкімшілік құқық бұзушылық анықталды. Оның ішінде Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 517-бабының 3, 4 және 5-бөліктері бойынша (шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның халықтың көші-қоны саласындағы заңнаманы бұзуы) Өзбекстан Республикасының 75 азаматына қатысты әкімшілік шаралар қолданылды.

Сондай-ақ ӘҚБтК-нің 518-бабы бойынша (шетелдіктерді және азаматтығы жоқ адамдарды қабылдайтын жеке немесе заңды тұлғалардың көші-қон заңнамасын бұзуы) Қазақстан Республикасының 18 азаматына ескерту берілді.

Ал ӘҚБтК-нің 519-бабы бойынша (шетелдік жұмыс күшін заңнама талаптарын бұза отырып тарту немесе шетелдіктің еңбек қызметін заңсыз жүзеге асыруы) Қазақстан Республикасының 3 азаматына әкімшілік айыппұл салынды.

Қызылорда қаласы Полиция басқармасы көші-қон заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету бағытындағы профилактикалық және бақылау жұмыстарын тұрақты түрде жалғастыруда.



Қызылорда қаласы әкімдігінің 2026 жылғы 16 маусымдағы №1319 қаулысы

## Жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 63-бабына сәйкес, сондай-ақ Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының тұрғын үй – коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2026 жылғы 8 маусымдағы №01-03/92 хатын қарап, Қызылорда қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Меншік иелерінен Қызылорда қаласының аумағында орналасқан жалпы көлемі 4265,0 (төрт мың екі жүз алпыс бес) шаршы метр жер учаскесінің қажетті көлемі 521,1 (бес жүз жиырма бір бүтін оннан бір) шаршы метр жер учаскелерін жол құрылысы үшін осы қаулының қосымшасына сәйкес мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2026 жылғы 17 қыркүйек болып белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Қызылорда қаласы, Ыбырай Жахаев көшесі, №24, №14 кабинет болып белгіленсін.

4. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының қоғамдық даму бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына жарияласын.

5. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жер учаскелерінің меншік иелерін ескертсін, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да қажетті шаралар қолданысын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қаласының әкімі

Н. Ахатов

Постановление акимата города Кызылорда №1319 от 16 июня 2026 года

## О начале принудительного отчуждения земельных участков или иного недвижимого имущества в связи с изъятием земельных участков для государственных нужд

В соответствии со статьей 84 Земельного кодекса Республики Казахстан, со статьей 63 Закона Республики Казахстан «О государственном имуществе», а также рассмотрев письмо коммунального государственного учреждения «Кызылординский городской отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог» акимата города Кызылорда №01-03/924 от 8 июня 2026 года, акимат города Кызылорда ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Начать принудительное отчуждение земельных участков для государственных нужд в связи с изъятием для строительства дороги у собственников земельных участков, расположенных на территории города Кызылорда, с необходимой площадью 521,1 (пятьсот двадцать одна целая одна десятая) квадратных метров с общей площадью 4265,0 (четыре тысячи двести шестьдесят пять) квадратных метров, согласно приложению к настоящему постановлению.

2. Датой принудительного отчуждения определить 17 сентября 2026 года.

3. Местом обращения собственников земельных участков определить: город Кызылорда, улица Ибрая Жахаева, №24, кабинет №14.

4. Коммунальному государственному учреждению «Кызылординский городской отдел общественного развития» акимата города Кызылорда в течение трех рабочих дней со дня принятия данного постановления опубликовать в средствах массовой информации.

5. Коммунальному государственному учреждению «Кызылординский городской отдел сельского хозяйства и земельных отношений» акимата города Кызылорда уведомить собственников земельных участков, а также принять иные необходимые меры, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

6. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима города Кызылорда.

7. Настоящее постановление вводится в действие со дня подписания.

Аким

города Кызылорда

Н. Ахатов

Қызылорда қаласы әкімдігінің 2026 жылғы «16» маусымдағы № 1319 қаулысына қосымша

№	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Меншік иесінің немесе жер пайдаланушының аты-жөні	Жалпы көлемі, шаршы метр	Мемлекет мұқтажы үшін қажетті көлемі, шаршы метр	Нысаналы мақсаты	құқық түрі
1	10-156-093-564	Сыздықов Канат Аблахович	1200,0	147,6	бағбандық үшін	жеке меншік
2	10-156-093-917	Сатыбалдиева Гульнара Нурмановна Аскаров Дилар Сражадинович	1115,0	127,5	жеке тұрғын үй құрылысы үшін	ортақ бірлескен меншік
3	10-156-093-927	Утегенова Дурья Жалғасбековна	1200,0	151,3	жеке тұрғын үй құрылысы үшін	жеке меншік
4	10-156-093-891	Баданов Абдумуханбек Серикбаевич	750,0	94,7	бағбандық үшін	уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау)
	Барлығы		4265,0	521,1		

Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімінің басшысы

М. Әжібеков

### Аудан жаңалықтары

#### ТАҒЫЛЫМДЫ КЕШ ӨТТІ

Балықшылар алтасында Әкелер күніне орай «Әке – отбасы бақытының кепілі» атты мерекелік кеш өтті.

Тағалымды шараның басты мақсаты әке мәртебесін ұлықтау, отбасы құндылықтарын дәріптеу және ұрпақ тәрбиесіндегі әкенің айрықша рөлін насихаттау. Кеш барысында көрермендерге әке тақырыбындағы театрландырылған қойылым ұсынылып, мерекелік концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Аудан өнерпаздары орындаған әндер мен күйлер, ұлттық билер мен әсерлі шығармалар көпшілікке көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Мерекелік шарада аудан әкімі Аманжол Онғарбаев сөз сөйлеп, барша әкелерді мерекелерімен құттықтап, отбасы институтын нығайтудағы әкенің орны ерекше екенін атап өтті.

Сондай-ақ, Арал өңіріне арналған жана шығармаларды насихаттау мақсатында өткен «Ән қанатындағы Арал» республикалық жабық ән байқауында үздік деп танылған белгілі сазгер Рамазан Тайманов арнайы марапатқа ие болды. Шара барысында оның «Аралым» әні орындалып, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді.

Ұрпақ тәрбиесіне айрықша мән беріп, үлгілі отбасының берік негізіне айналып жүрген бір топ азаматтары аудан әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Тағалымды кештің құрметті қонақтары Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері, Қызылорда облысының Құрметті азаматы, белгілі сазгер Рамазан Тайманов пен Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, ақын Дүйсенбек Аяшұлы ізгі тілегін жеткізіп, халқымыздың қонаққа дәстүріне сай тағалымды сөзін арнады. Мазмұнды өткен мерекелік кеш әке тұлғасының қоғамдағы орны мен отбасы тәрбиесіндегі маңызын тағы бір мәрте айқындап, қатысушыларға ерекше рухани әсер сыйлады.

Аудан әкімдігінің баспасөз қызметі

#### ҚОС КІТАПТЫҢ ТҰСАУКЕСЕР РӘСІМІ ӨТТІ

Қармақшы ауданы, Тәзімбет Қомекбаев ауылында ақын Бекжан Сүлейменовтің «Ауылдың дәмі» және Иман Лепесов пен Қанжарбек Сұлтановтың «Зетті іні, қадірлі құрдас» атты кітаптарының тұсаукесер рәсімі өтті. Рухани мазмұны терең шараға аудан әкімінің тапсырмасымен аудан әкімінің орынбасары Диас Молдабаев қатысып:

– Қай кезеңде болмасын туған жерін ұмытпай, елдің рухани өміріне үлес қосып жүрген азаматтардың еңбегі әрдайым құрметке лайық. Кітаптардың жарық көруі ауданымыздың және ауылымыздың мерейі деп білеміз. Өздеріңізге

белгілі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев кітап оқуды дамыту мәселесіне ерекше көңіл бөліп келеді. Осындай еңбектер сол игі бастамалардың жүйелі көрінісі деп есептеймін, – деп атап өтті.

Сондай-ақ еліміздің руханиятына үлес қосып отырған асыл тұлғаларға аудан әкімінің «Құттықтауы» табысталды.

Шара аясында Ырзақұл Нұртаев пен Мұратбек Жиенбаев арнайы қатысып, ізгі тілектерін жеткізе отырып, Иман Лепесов пен Қанжарбек Сұлтановтың «Зетті іні, қадірлі құрдас» атты кітабының тұсауын кесті.

Сондай-ақ ақын Бекжан Сүлейменовтің «Ауылдың дәмі» атты жаңа кітабының тұсаукесері өтіп, кітаптың лентасын Алмас Алматов пен Ырзақұл Нұртаев қылды.

Салтанатты жиында мектеп оқушылары ақын Бекжан Сүлейменовтің шығармаларынан өлеңдер оқып, көрерменнің ыстық ықыласына бөленсе, жырпаулармыз өнер көрсетіп, ұлттық рухты дәріптейтін жыр-термелер орындалды.

### АУДАН БАСШЫСЫ БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫМЕН ТАНЫСТЫ

Сырдария ауданының әкімі Берік Сәрменбаев балық шаруашылығы саласындағы кәсіпкерлік нысанның жұмысымен танысты.

Мемлекет тарапынан кәсіпкерлікті дамытуға және ауыл тұрғындарының табысын арттыруға бағытталған бағдарламаларға тоқталып өтті.

Балық шаруашылығы – өңір экономикасын дамытуға, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және жана жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік беретін салалардың бірі. Сондықтан бұл бағыттағы жобаларды қолдау және олардың санын арттыру аса маңызды. Мемлекеттік бағдарламалардың мүмкіндігін тиімді пайдалану арқылы ауылдық жерлерде кәсіпкерлікті дамытып, тұрғындардың әл-ауқатын арттыруға болады, – деп Берік Әбдіғапарұлы.

Аталған жоба Тереңөзек кентіне қарасты «Қалғандария-2» көлінде жүзеге асырылуда. Жоба «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында қаржыландырылған. Жалпы құны 10,8 млн. теңгені құрайтын бастаманың негізгі мақсаты – көлде тор қоршамалар арқылы тауарлы балық өсіруді дамыту және өңірдегі балық шаруашылығының әлеуетін арттыру.

Қазіргі таңда 2 500 дана сазан және карп балықтары жіберілген. Кәсіпкер тарапынан балықтарды күтіп-баптау, өсіру және тауарлы өнім өндіру бағытындағы жұмыстар жүргізілуде.

Кездесу соңында кәсіпкерге сәттілік тілеп, қолға алынған бастаманың өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына өз үлесін қосатынына сенім білдірді.

### Хабарландыру

Жария талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдау «Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Мостовая көшесі, н/ж мекен-жайы бойынша автосалон мен шеберханасы бар дүкен салу» жобасына өткізіледі.

Тапсырыс беруші: жеке тұлға Шоманов Алтынбек Дауменович. Мекен-жайы: Қызылорда облысы, Тасбөген кенті, Жангелдин к-сі 177, ИИН : 610408300392, Тел.: 87019111011;

Құжаттаманы әзірлеуші: "MGE PROJECT" ЖШС-і, мекен-жайы: Қызылорда қ-сы, Ыбырай Жахаев к-сі 220А, БИН: 040140015761, Тел. +7 7770041551;

Ұсыныстар мен ескертулер қоғамдық тыңдау өтетін мерзім 2026 жыл маусым айының 25-нен бастап 5 жұмыс күні ішінде қабылданады.

Жоба бойынша құжаттама орналасуы және ұсыныстар мен ескертулер [www.ndbecology.gov.kz](http://www.ndbecology.gov.kz) сайтында қабылданады.

### Объявление!

Общественные слушания в форме публичного обсуждения проводятся по проекту «Строительство автосалона и магазина с мастерской по адресу: ул. Мостовая б/н, г. Кызылорда, Кызылординской области».

Заказчик проекта – ф/л Шоманов Алтынбек Дауменович. Адрес: Кызылординская область, пос. Тасбөген, ул. Жангелдин 177, ИИН 610408300392, Тел.: 87019111011

Разработчик проекта – ТОО «MGE PROJECT», Адрес: Кызылординская область, город Кызылорда, улица Ыбырай Жахаев, дом 220А, БИН: 040140015761, Тел. +7 7770041551;

Замечания и предложения принимаются в период проведения общественных слушаний в период от 25 июня в течение 5 рабочих дней 2026 г.;

Размещение документации по проекту, предложения и замечания принимаются на сайте [www.ndbecology.gov.kz](http://www.ndbecology.gov.kz).

### Хабарландыру!

«TURANIUM» ЖШСҚР Экологиялық кодексінің 73 бабының 1 тармағына сәйкес 20.07.2026 жылы сағат 16:00 Қызылорда облысы, Жанакорған ауданы, Байкенже а.о., Қалқөз Сиргебайұлы көшесі, №5 «СЫРДАРІЯ ӨЗЕНІНІҢ ЖАЙЫЛМАСЫНДА «СОЛТҮСТІК ХАРАСАН» КЕН ОРНЫНДА, ХАРАСАН-1 КЕНШІНДЕ СУ ТАСҚЫНЫНА ҚАРСЫ ӨГЕТ САЛУ» жұмыс жобасына арналған «Ықтимал әсерлер туралы есеп» жобасы бойынша шығарыс отырыс түрінде қоғамдық тыңдау өтетіндігін хабарлаймыз.

НБДСОС и ПР порталға және тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының ресми интернет-ресурсына сілтеме жасай отырып, ол бойынша қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен, ал содан кейін қоғамдық тыңдаулардың жарияланған хаттамасымен [ndbecology.gov.kz](http://ndbecology.gov.kz) танысуға болады.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар НБДСОС и ПР порталында, сондай-ақ Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының 87242605362 телефоны және [prd@korda.gov.kz](mailto:prd@korda.gov.kz) электрондық адресі бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай және шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимінде өткізіледі. Белсенді сілтеме <https://us05web.zoom.us/j/83018799140?pwd=Xjmcye2vO9LPegOaC9hZk14bM93Sd2d.1>

Идентификатор: 830 1879 9140

Код: 000000

Қосымша ақпаратты мына мекен-жай бойынша Қонаев көшесі 4, БЦ «Prima Park», 301 кенсе, байланыс тел. 8-771-885-17-95, [too\\_ecoprojectservice@mail.ru](mailto:too_ecoprojectservice@mail.ru) алуға болады.

Белгіленген қызметтің бастамашысы:

«TURANIUM» ЖШС, Заңды мекен-жайы: 120302, Байкенже а., Жанакорған ауданы Қызылорда облысы. Нақты мекен-жайы: Қызылорда қ., Айтеке би к-сі, 52

БИН 140840003457

Эл. адрес: [office\\_reception@kyzylykum.kazatomprom.kz](mailto:office_reception@kyzylykum.kazatomprom.kz)

Жобаны дайындаушы:

«KAZHADAPROJECTS» ЖШС, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Қонаев к. 4, БЦ «Prima Park», 301

БИН 17124002221

Тел: 8-771-885-17-95,

Эл. адрес: [too\\_ecoprojectservice@mail.ru](mailto:too_ecoprojectservice@mail.ru)

### Объявление!

ТОО «TURANIUM» в соответствии с требованиями ст. 73-1 Экологического Кодекса РК, сообщает, что в 16:00 ч. 20.07.2026 года по адресу Кызылординская область, Жанакорганский район, Байкенже с.о., ул. Қалқөз Сиргебайұлы, №5 состоится общественное слушание в форме открытого собрания по проекту «Отчет о возможных воздействиях» к рабочему проекту «СТРОИТЕЛЬСТВО ПРОТИВОПАВОДКОВОЙ ДАМБЫ В ПОЙМЕ РЕКИ СЫРДАРІЯ НА МЕСТОРОЖДЕНИИ «СЕВЕРНЫЙ ХАРАСАН», РУДИНИК ХАРАСАН-1».

Ссылка на НБДСОС и ПР портал и официальный интернет-ресурс местного исполнительного органа соответствующей административно-территориальной единицы (областей, городов республиканского значения, столиц), по которой можно ознакомиться с материалами, выносимыми на общественные слушания, а после и с опубликованным протоколом общественных слушаний [ndbecology.gov.kz](http://ndbecology.gov.kz).

Все замечания или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на НБДСОС и ПР портале, а также по телефону 87242605362 и электронной почте [prd@korda.gov.kz](mailto:prd@korda.gov.kz) Управления природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области.

В случае введения чрезвычайного положения и ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и технического характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Активная ссылка <https://us05web.zoom.us/j/85666006415?pwd=SOE2F61JUMDeAlvXAJlA1VpR15MHaad.1>

Идентификатор: 830 1879 9140

Код: 000000

Дополнительную информацию можно получить по адресу г. Кызылорда, ул. Кунаева 4, БЦ «Prima Park», 301 кабинет, тел. 8-771-885-17-95, [too\\_ecoprojectservice@mail.ru](mailto:too_ecoprojectservice@mail.ru)

Инициатор намечаемой деятельности:

ТОО «TURANIUM», Юридический адрес: 120302, с. Байкенже, Жанакорганский район Кызылординской области. Фактический адрес: г. Кызылорда, ул. Айтеке би, 52

БИН 140840003457

Эл. адрес: [office\\_reception@kyzylykum.kazatomprom.kz](mailto:office_reception@kyzylykum.kazatomprom.kz)

Разработчик проекта

«KAZHADAPROJECTS» ЖШС, Кызылординская область, город Кызылорда, ул. Кунаева 4, БЦ «Prima Park», 301

БИН 17124002221

Тел: 8-771-885-17-95,

Эл. адрес: [too\\_ecoprojectservice@mail.ru](mailto:too_ecoprojectservice@mail.ru)

### Хабарландыру!

«KZO ET» ЖК-і 24.06.2026 ж. бастап 5 жұмыс күні ішінде ««KZO ET» ЖК атмосфераға лауасты заттардың декларацияланатын эмиссиялары» жобасы көпшілік алдында талқылау түрінде бірыңғай экологиялық порталда <https://ndbecology.gov.kz/> қоғамдық тыңдау өтетіндігі туралы хабарлайды.

Жобаға қатысты ұсыныстар мен ескертулерді бірыңғай экологиялық порталда <https://ndbecology.gov.kz/> қалдыруға болады. Инициатор: «KZO ET» ЖК-і, Қызылорда қаласы, п. Белколь, Көкжиде, 56, тел. 8 771 544 4545.

Жобаны әзірлеуші: «Эконур» ЖК-і, Қызылорда қаласы, Жахаева көшесі 66/3, тел: 8 (7242) 233035.

Қосымша мәліметтерді алуға болатын электрондық пошта мен телефон нөмірі: 8 (7242) 233035, e-mail: [econor2011@mail.ru](mailto:econor2011@mail.ru).

Жергілікті атқарушы органның электрондық мекенжайы және пошталық мекенжайы: Қызылорда облысының Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу Басқармасы: [prd@korda.gov.kz](mailto:prd@korda.gov.kz), Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, №1, тел: 8- (7242) -605362.

### Объявление!

ИП «KZO ET» уведомляет о проведении общественного слушания в форме публичного обсуждения с 24.06.2026 г. в течение 5 рабочих дней на Едином экологическом портале <https://ndbecology.gov.kz/> по проекту «Декларируемые эмиссии загрязняющих веществ в атмосферу для ИП «KZO ET».

Ознакомиться с документацией, оставить предложения и замечания можно на Едином экологическом портале <https://ndbecology.gov.kz/>.

Инициатор намечаемой деятельности: ИП «KZO ET», г. Кызылорда, п. Белколь, Көкжиде, 56, тел: 8 771 544 4545

Разработчик проекта: ИП «Эконур», г. Кызылорда, ул. Жахаева 66/3, тел: 8 (7242) 233035.

Электронный адрес и номер телефона, по которым можно получить дополнительную информацию о намечаемой деятельности: тел.: 8 (7242) 233035, e-mail: [econor2011@mail.ru](mailto:econor2011@mail.ru).

Электронный и почтовый адрес местного исполнительного органа: Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области: [prd@korda.gov.kz](mailto:prd@korda.gov.kz), г. Кызылорда, улица Бейбарыс Султан, №1, тел: 8-(7242)-605362.



## ӘН ӘУЕЛЕГЕН ЖЫЛДАР ЕДІ

Қазақ – әнмен тербетіліп, әнмен оянған халық. Олай дейтінім «әу» демейтін қазақ жоқ. Біздің бала күнімізде әншілер саусақпен санаулы болатын. Аты-жөндерін түгел білетінбіз. Қазір әнші көп. Бұған қуануға болады. Айта берсін, қалағаныңды тыңдайсың. Жаратушымыз қазақ елін ән мен жырдан айырмағай!

Расында, ән – өмірдің сәні. Жақсы ән – жанға азық, ол – рухани тәрбиенің көзі. Ұлы Абай айтқандай, «құлақтан кіріп, бойды алар» әндер жалғасын тауып, көбіесе берсе екен.

Біздің балалық және бозбала шағымыз өткен ғасырдың елуінші жылдарының аяғы мен алпысыншы жылдарға тұспа-тұс келді. Осы кезең қазақ сазгерлерінің жүректі баурайтын, жан-дүниеге керемет сезім сыйлап, көкірегіңе қона кететін әндерін шығару бәріне әулеткен жылдар еді. Мектеп партасындағы біз:

– Ұстазым менің, ұстазым  
Өзімнен өткен қыс-жазым  
Қалдырған ізін мәңгілік  
Жадымда тұрар жанғырып, –  
деп ән қайырсақ, есейгесін «Әлі есімде» әнін үйреніп:

– Әлі есімде, әлі есімде сол бір кез,  
Көз алдымнан кетпей қойды-  
ау мөлдір көз, – деп ағымыздан жарылдық.

Бұл екі ән Ұлы Отан соғысының ардагері, аса талантты композитор Әбілахан Еспаевтікі болатын. Қазақстанның халық әртісі Жамал Омарованың орындауындағы «Ұстазым» әні бүгінде «Қазақ радиосының» алтын қорында сақталуы. Мектеп қабырғасындағы жас ұрпақ осы ғажайып әнді айтып, өсіп келеді. Еспаев әндерінің тақырыбы сан алуан. Отан, бейбітшілік, патриотизм, достық және махаббат лирикаларын қамтиды. Белгілі ақын, қоғам қайраткері Жұбан Молдағалиевтың сөзіне жазылған «Аққуым» әніне тоқтала кетейік:

– Аққуым аспанда емес, жерде менің,

Үніңе тоқсан толқып тербелемін,  
Келгенде шын айтуға, сыр айтуға,

Болашақ жүр көктен алыс жер дегенін.

Сен жырлайсың «Гәкку» деп,  
Мен жырлаймын «Аққу» деп,  
Саған ғана құмармын,  
Болсаңдағы аққу көп...

Әнді Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Сұлушап Нұрмағанбетова күйкылжыта орындайды. Таныс сөз, таныс әуен болғандықтан ба, тыңдай бергің келеді.

Әбілахан ағаның ел аузынан түспей келе жатқан басқа да әндері жеткілікті, біз соның үшеуіне ғана тоқталып өттік. Замандастары Еспаевты «Қазақ әндерінің королі» деп атайды екен.

Әбілахан Еспаевты ұстаз тұтқан Шәмші Қалдаяқовтың әндері «Қазақ радиосынан» күн құрғатпай беріліп тұратын. (Ол кезде телевизір жоқ) Әдепкіде Музафар Әлімбаевтың сөздеріне жазылған «Ақмандайлым», одан «Ақсұңқарым» шықты. Авторлар біріншісің жігіттің қызға арнағаны, екіншісің қыздың жігітке арнағаны

депті. Мәтініне зер салсақ, расында соған келеді.

Сөзіміз дәлелді болуы үшін бір-бір шумағын қайырмасымен қоса жазайық:

– Көкмайса Алатаудың бөктерінде,  
Гүл тердік жастық шақтың көктемінде,  
Алдымнан арманымдай жарқ етіп ең,

Көңілімді жеткізгендей көкте күнге.

Айналым Ақмандайлым,  
Асылым бал таңдайлым,  
Жалында жас дәуренде,  
Ұялма, жан сәулем де,  
Жақсылықтың жоқ сәулем, ерте-кеші

Жадырашы, назданшы еркелесің.

Енді «Ақсұңқарымға» ойысайық:

– Есімде гүл терген кез көктем еді,  
Есті қыз ер жігітті шет көре ме,  
Қапысыз қайрылмастай құлай сүйсең,

Құрбыжан құр бекерге өкпелеме.

Батырым баяндым,  
Дархан той базарым,  
Ақкөңіл аяулым Ақсұңқарым.  
Аяла гүліңді,  
Ұмытпаң үніңді,  
Бір жырла жырыңды Ақсұңқарым.

Екі дос қаздай, жадырап жаздай,  
Жұбынды жазба, Ақсұңқар!  
Тыңда да бірге, сында да бірге,  
Шыңда да бірге Ақсұңқар,  
Ақсұңқар!

Екі керемет ән жастың да, жасамыстың да жүрегің тербеді. Әндерді алғаш тыңдағаннан-ақ ұнағып, жеріне жеткізе орындаған Халық қаһарманы, жезтаңдай әнші, әлемге әйгілі Роза Бағланова апамыз екенін білеміз. Бүкіл қазаққа ән салдырып, «вальсін королі» атанған Шәмші Қалдаяқовтың «Қайықта» әні тыңдаушысын да, айтушысын да махаббат толқынымен тербеді. Оқырманның бір көлесіне жарар, ән мәтінін толық берейік:

– Болсақтағы жаңа таныс,  
Жүзсек те алғаш қайықта,  
Үшкір қиял кетті алыс,  
Бұйырмашы айыпқа.

Самал болар толғандырып,  
Айдың шалқар көл бетін,  
Сәулем мені ойландырып,  
Сенің жарқын келбетің.

Көздің жүзін нұрландырып,  
Тұр ма сенің диларың,  
Сол бейненді тұрған күліп,  
Су бетіне қиямадым.

Ескегінді берші маған,  
Мен есейіп, сен еспе,  
Су күлкісі сылдырлаған,  
Сенің күлкің емес пе?!  
Ашылғандай айдын көлде,  
Үлкен өмір есігі,  
Су бетінде қайық бейне,  
Махаббаттың бесігі.

Жылжы қайық осы көлде,  
Жыр толтыршы жаным,  
Махаббаттың бесігінде,  
Тербелейік тағы да.

Біздің кезімізде оқу жылының басында 3-4 күн оқытады да, сабақты жиып қойып, мектептің жоғары сынып оқушыларын күршіс жинауға апаралы. Біз оған үйренгенбіз. Егінжайға барғанша-қайтқанша қосылып әндетеміз:

– Балауса қыз едің бір кезде,

Шашыңа ақ бантик байлаған.

Өзгеріп кетіңсің бұл күнде,  
Көркіңе көз тастап ойланам, –  
деп дауыс созамыз. «Ақ бантикті» аяқтай сала:

– Сол бір кез есімде, жағасы бұлақтың,  
Айлы жаз кешінде сырласқан ұзақ түн.

Сүйкімді бейненді жүректе сақтадым,  
Арманым сол жерден сен едің тапқаным... Бұл – «Қайдасың» әні. Жарықтық Шәмші, сезімді сағынышқа жалғай білген, дүниеге бір келіп-кеткен құбылыс ғой.

1966 жылдың қысы болса керек, ауылға Ақтөбеден концерт келді. Әртістердің ішінде (әрі жетекшісі болар) қазақшаға судай, өзін осы жаққа құламын деп таныстырған Геннадий Шульга деген әнші бар екен. «Сырласу вальсі» деген жаңа бір әнді тыңдадық.

Вальс екіпініндегі әдемі әнді өзі аккордеонына қосылып, тамаша орындаған:

– Түн жамылып келеміз,  
айсыз ашық аспан,  
Төбемізде жұлдыздар үнсіз жымылдақсан,  
Бара жатқан зымырап,  
байқалмайды уақыт,  
Бұл не деген қуаныш,  
бұл не деген бақыт?!  
Алақанда алақан, күлімдейді көзің,

Құшағымда қуаныш, қасымда сен өзің,  
Күйге толы көңілмен араластық биге,

Қандай ыстық осы шақ,  
асықпа сен үйге.

Мектеп бітіретін жылымыз еді, сыныптастар түгел барғанбыз. Шіркін жас дәурен, сезімтал едік! Әннің әсеріне беріліп кеттік пе, концерт аяқталғасын да үйге асықпадық.

Мұны әуелде Шәмшінің әні екен деп жүрсек, ақын Әнуарбек Дүйсенбиевтің сөзіне жазылған Әсет Бейсеуовтікі екен.

Әннің шығу тарихын айтайық. Алматы түні. Әсет таза ауамен тыныстайын деп бір сәт балқонға шыққанда, көше бойында қол ұстатып бара жатқан қыз бен жігітті көреді. Біршама уақыт оларға қарап тұрған композитордың күйсандыққа келіп отырғаны сол-ақ екен, вальс екіпінінде шалқыған бір әсем саз төгіле берді. Міне, бұл «Сырласу вальсі» еді.

Әсет Бейсеуов көбіне-көп әннің эстрада жанрын қамтыды. Шығармашылық бай-ланыста болып, біраз әндерінің сөзін жазған ақын Серік Тұрғынбековтің мынадай сөзі бар: «Әсет қазақ эстрадасының негізін қалап, оны дамытты. Әндері лек-легімен, толқын-толқын болып шығып жататын. Әндерінің көптігі, үйлесімділігі және тақырып ауқымдылығы жағынан оған ешбір композитор таласа алмайды».

– Бір дәурінді түгел ұшқан жастары елік,  
Бәріміз бір өмір жолын бастап едік,  
Армандастар қайда,  
абзал достар қайда?  
Замандастар, қарлығаштар қайда екен?!  
Осылай басталатын Әсеттің «Армандастар» әні әлі күнге

құлағымызда. Үйге қайтуға асықпаған манағы бозбала мен бойжеткендер, бүгінде немерешөбере сүйіп отырған еңбек ардагерлеріміз. Бір-бірімізді іздейміз, кездесіп тұрамыз.

Мәдениет министрлігінің тапсырмасымен 1969 жылы ақын Оспанхан Әубәкіров, балетмейстер Равиль Сүлейменовті ертіп келіп, Әсет Бейсеуовтің Жалағаш ауданында «Алтын арай» ән-би ансамблі құрғанын көп жұрт біле бермейді.

Жақсы ән тудыру терең толғаныс пен табиғат барған талантқа байланысты екені ақиқат. Соны жүрегіңмен тербесе, оған жақсы мәтін тап келсе, сөз жоқ, халық сүйіп тыңдап, сүйіп айтатын ән болары анық.

1960 жыл. Шілде айының орта тұсы. Алматыдағы кітап дүкенін аралап жүріп, Ілия Жақанов көкшетаулық ақын Еркеш Ибраһимнің «Қарлығаш» атты өлеңдер жинағын кездестіреді. Көп ойланбастан кітапты сатып алып, жұмыс орнына қайтып оралады. Оқи бастаған ол тұнып тұрған лирикаға тап болады. Сөйтіп отырғанда бөлмеге «Ақмандайлым», «Ақсұңқарым», «Қайықта» деген әндерімен дүркіреп тұрған Шәмші Қалдаяқов кіріп келеді. Ілия оқып отырған кітабын Шәмшіге ұстата салып:

– Шәке, қарашы, мұнда «Жалғыз қайық» деген өлең бар екен. Сенің қайығыңа қарағанда мына қайық мұңға толы сияқты. Айлы түн. Көл жағасы. Түнгі көріністі айнытпай берген. Өлеңнің өн бойынан екі ғашықтың мөлдір сезімін аңдауға болады. Бір кездері екеуі осы қайықпен армансыз серуендеген сынайлы. Кейіпкер сол ғашығын сағынып, өткен күндерін мұнаға еске алады. Ал қайық болса, жағада тапжылмай тілсіз тұр. Қандай тамаша сурет, – деп тамсанады Ілия.

– Рас айтсаңыз, – дейді Шәмші. Ілия Жақановтың ойынан:

– Қаранғы түнде мұнайып,  
Толқынға малып тұмсығын,  
Жағада жалғыз тұр қайық,  
Манайда меніреу тыныштық.

Менің де сәулем жабығып,  
Ойлардан небір айықпай,  
Отыр ма екен сағынып,  
Осынау жалғыз қайықтайы,  
– деген өлең жолдары кетпейді. Көп толғанады. Содан тамаша ән туады. Ән болғанда қандай?!

Дирижер, дәулескер күйші, композитор Нұрғиса Тілендиевтің «Қуә бол» әні шыққан бойда «Досмұқасан» тобының орындауында керемет кызығушылық тудырды. Әсіресе жастар жағы іліп алып:

– Көзімді жұқсам да көрем сені,  
Еседі арманның қоныр желі,  
Қуә бол Алағаш бақытыма,  
Қуә бол көк терек көлеңкелі.  
Қуә бол, жұлдыз,  
Қуә бол, айым,  
Қуә бол, Алағашым, –  
деп өз жүректіңің қалауыңдай қосыла шырап кеткен.

Нұрғисаның жаныңды елжірететін «Әкеме» әні тыңдамаған, оны айтпаған ұрпақ жоқ та шығар бәлкімі?!  
– Жас едім өмірге еркін бойламаған,  
Күні ертең не боларын ойламаған.

Шарықтап кетсем де алыс қанат қағып,  
Өзіндей қамқор адам қайда маған?!

Нұрғисаның осы әнін талай-талай әнші орындады, бүгіндері де орындалып жүр.

Ұрпақ жалғасуда. Асқар таудай әке болмысын ардақтаған әнді бала біткен айта жүрер. Тұманбай Молдағалиевтің сөзіне жазылған «Құстар әні» – Нұрғиса Тілендиевтің ән жанрындағы шығарма биігі. Қайталанбас хас таланттың қайталанбас туындысы. Оның да белгілі, мәтініне тоқталмай-ақ қояйық.

Әріден бастау алып елмен біте қайнасаң, көңіл көкжиегің нұрға бөлеп, өмірдің сәніне айналған ән өнерінің кешегісі тарих, бүгінгісі құнды, болашағы да жарқын болары сөзсіз. Тұтастай бір дәурінді әндерін әуелетіп, қазақ даласын тербеген атақты композиторлардың ішінде Ілия Жақановтан басқасы (Ілия ағамыз жүз жасымын) қазір арамызда жоқ. Олар ұмытылмайды, әндеріміз бірге жасай береді.

**Темірбек ЕСЖАНОВ,**  
Білім беру ісін қүрметті қызметкері,  
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі



## МӘМС АЯСЫНДА ЖҮРЕККЕ ОТАЛАР ЖАСАЛУДА

Бүгінде заманауи хирургиялық оталар тек мемлекеттік стационарларда ғана емес, Қызылорда облысындағы жекеменшік медициналық ұйымдарда да қолжетімді бола түседі. Бұл әсіресе медициналық көмекке жүгінудің ең жиі себептерінің бірі болып саналатын жүрек-қан тамырлары ауруларына шалдыққан пациенттер үшін маңызды.



Осындай медициналық орталықтардың бірі – «Денсаулық» клиникасы. Бір жарым жыл ішінде мұнда жүректің ишемиялық ауруы, стенокардия, артериялық гипертензия, ишемиялық кардиомиопатия және басқа да жүрек-қан тамырлары жүйесі ауруларымен ауыратын өңірдің шамамен 1,5 мың тұрғыны ем қабылдаған. Қажет болған жағдайда пациенттер Емдеуге жатқызу бюросының порталы арқылы қайта емделуге жолдама ала алады.

Сырдария ауданының тұрғыны Темірбай Сағынай міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің арқасында қажетті көмекті тегін алғанын айтып:

– Екі жыл бұрын осы клиникада маған стенттеу ота жасалды. Қазір дәл осындай екінші отаға дайындалып жатырмын. Мен зейнеткермін, МӘМС жүйесінде сақтандырылғанмын. Денсаулығымды дер кезінде күтуге мүмкіндік бергені үшін алғысымды білдіремін, – дейді ардагер.

Шіелі ауданының тұрғыны Күнниржан Мадиева да жүрек ауруымен бес жылдан астам уақыт бойы күресіп келеді. Ол жақында қайтадан стенттеу отадан өткен.

– Емхананың жолдамасымен коронарграфиядан өттім, содан кейін маған стент қойылды. Бірнеше жылдан соң басқа зақымданған қан тамырына қайта араласу қажет болды. Қазір өзімді жақсы сезінемін, тексерулер мен емді тегін алып жатырмын. Баршаның МӘМС жүйесінде сақтандырылған болуға шақырамын, – дейді пациент.

Аз инвазивті емдеу

әдістері ағзаға түсетін жүктемені айтарлықтай азайтып, асқын қауіп төмендетуге және қалпына келу мерзімін қысқартуға мүмкіндік береді. Отадан кейін пациенттер гипертензия, ишемиялық бақылауында болып, бұл емнің тиімділігін арттыруға және ықтимал асқынудың алдын алуға ықпал етеді.

Медициналық көмек тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі және МӘМС жүйесі аясында көрсетіледі. 2026 жылы аталған қызметтерді қорсету үшін «Денсаулық» группі клиникасына Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорынан 316 миллион теңгеден астам қаражат бөлінді.

Клиника бөлімшесінің менеджері Ринат Исабайдұлы айтуынша, МӘМС жүйесінің жоғары технологиялық медициналық қызметтердің құны айтарлықтай жоғары. Сондықтан «сақтандырылған» мәртебесінде болу маңызды.

– Стенттеу отаның құны шамамен 1,7 миллион теңгені құрайды. Күндізгі стационар жағдайындағы коронарграфияның құны – 170 мың теңге, ал тәулік бойғы стационарда – 425 мың теңге. Бұдан бөлек, қатар жүретін ауруларды да емдейміз. Емдеу мерзімі 10 күнге дейін созылуы мүмкін, – деді дәрігер.

МӘМС жүйесіндегі жекеменшік сектордың дамуы жоғары технологиялық медициналық көмектің қолжетімділігін арттырып, өңір тұрғындарының жүрек-қан тамырлары ауруларына сапалы әрі елеулі қаржылық шығынсыз ем алуына мүмкіндік беріп отыр.

Меншік иесі:  
**«Сан-Ай» пресс ЖШС**

Директор-Бас редактор  
**Егиншибаева Анар Жақсыбекқызы**

Ақылдастар алқасы:  
**Әбілбай Садықбаев**  
**Рысбай Кәрімов**

Жауапты хатшы  
**Зибаш ӘЛИ**  
8 705 982 76 61

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде қайта тіркеліп, 2025 жылдың 30 маусым айында есепке алу туралы номері KZ 53VPY00123138 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті КР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – Ғ, 19.10.2007 ж

**Редакцияның мекен-жайы:**  
**Тоқмағанбетов**  
көшесі 36 а,  
1 қабат 4 кабинет  
Телефон:  
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсыннов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62  
Газеттің басылу сапасына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты  
Тел: 23-54-91

Қолжазба өңделді және авторға қайтарылмайды  
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді  
Газет бетінде жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

Тараптары 8536 дана  
Индекс 66503  
Тапсырыс №133  
E-mail: gazeta\_eltilegi@mail.ru  
Электронды нұсқасы:  
[https:// ret-gazeta.kz/](https://ret-gazeta.kz/)